# 2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығы.

Тәуелсіздік пен мемлекеттілікті одан әрі нығайту, Қазақстан халқының рухани-мәдени топтасуын, сабақтаса және ілгерілей дамуды қамтамасыз ету мақсатында **қаулы етемін:**

1. 2011 жыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялансын. Ол "Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы" ұранымен өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылын мерекелеуді өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) құрылысын.

3. Қоса беріліп отырған:

1) Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің тұжырымдамасы;

2) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылын мерекелеуді өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) Мемлекеттік комиссия туралы ереже;

4) Мемлекеттік комиссияның құрамы бекітілісін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 27 қаңтардағы
№ 1144 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Астана, 2011 жыл

## Мазмұны

1. Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің тұжырымдамалық негіздері
2. Мерекенің идеологемалары
3. Мерекелеудің мақсаты және негізгі міндеттері
4. Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі кезеңдері

5. Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеудің күнтізбесі
6. Мерекенің сыртқы белгілері
7. Күтілетін нәтижелер

"Тәуелсіздік - барлық қазақстандықтар
үшін аса қасиетті құндылық"
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы 16 желтоқсанда " Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заң қабылдады. Қазақстан тұңғыш рет халықаралық қауымдастық мойындаған, құқықтық рәсімделген тәуелсіз мемлекет мәртебесін алды. Бұл тарихи оқиға - қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы мен үмітінің орындалу нәтижесі.

Өзінің тәуелсіздік даму тарихының қысқа мерзімі ішінде еліміз қоғамдық өмірдің түрлі салаларында ауқымды реформаларды жүзеге асыратын қазіргі заманғы, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды. Осы уақытқа дейін қабылданған экономиканы нарықтық жолға көшіру, еліміздің ядролық қарусыз мәртебесі, елорданы көшіру, 2030-Стратегиясын қабылдау, Ұлттық қор құру және басқалар туралы шешімдер өзінің тарихи қабілеттілігін және тиімділігін дәлелдеді.

Бүгінде еліміз Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтудың маңызды ұйтқысы болып отыр. Қазақстан ТМД мемлекеттері арасында оң өзгерістер бойынша көшбасшы елге айналды. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалығы, Астана саммиті, ИКҰ, ШЫҰ төрағалығы және Қазақстанның қабылданған көптеген бастамалары - елдің халықаралық аренадағы жоғары беделінің сөзсіз көрінісі.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы — бұл жетістіктерімізді ой елегінен өткізудің, болашақ міндеттерімізді айқындаудың мүмкіндігі. Мерейтойды мерекелеу қазақстандық мемлекеттілік пен патриотизмді нығайтуға ықпал етуі тиіс. Оны экономика, әлеуметтік сала, ғылым мен мәдениеттегі жаңа жетістіктермен қарсы алған лайық.

## Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің тұжырымдамалық негіздері

Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің тұжырымдамасы басты төрт негізде құрылады:

**Тұжырымдамалық,** философиялық, құндылық негізі. Мемлекет өмірінің негізі тәуелсіздік дегенді ұстану керек. Нақ Тәуелсіздіктің нығаюы - барлық мемлекеттік органдар қызметінің негізгі мағыналық өзегі.

Сонымен қатар, бұл өте маңызды құндылық. Мемлекет және еліміздің әрбір азаматы Тәуелсіздікті сақтау үшін барынша күш-жігер жұмсауға тиіс. Мұның мәнісін ашу үшін барша қоғамның жұмысы қажет.

**Тарихи.** Негізі қазақ халқы көп ғасырлардан бері тәуелсіздікке ұмтылып келді. Тәуелсіздікке қол жеткізуде көптеген ұрпақтың орасан еңбегі бар. Сондықтан мерекелеу әрбір қазақстандық үшін ерекше мәнге әрі маңызға ие болмақ.

Бүгінгі ұрпаққа Тәуелсіздікті сақтау және нығайту ерекше тарихи жауапкершілігі жүктелген. Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, оқу орындарының, үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстары осы құндылықтарды қоғамдық санаға жеткізуге бағытталуы тиіс.

**Идеологиялық.** Тәуелсіздіктің 20 жылдығы - тек 2011 жылдың ғана емес, еліміздің барлық тәуелсіздік жылдарының қорытындысы болып табылады. Еліміздің қол жеткізген барлық жетістіктерін көрсету қажет. Барлық салалық министрліктер мен әкімдіктер БАҚ-ты кеңінен пайдалана отырып, ауқымды тұсаукесерлер өткізу керек.

**Халықаралық.** Негізі әлемдік қауымдастық Қазақстанның тұрақты, табысты, бәсекеге қабілетті мемлекет құру жөніндегі жетістіктерін, ұлттық бірлікті нығайтудағы жүргізіп отырған саясатын жоғары бағалайды. Тәуелсіз Қазақстан беделді халықаралық ұйымдарды басқарды. Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеу оның 20 жылдық дамуы тұрғысында елімізді шетелдерде кеңінен таныстырумен қатар жүру тиіс. Бұл жұмысты Сыртқы істер министрлігі және Қазақстанның шет мемлекеттердегі елшіліктері жүргізетін болады.

## Мерекенің идеологемалары

Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеу шеңберінде мынадай негізгі идеологемалар қолданылады:

**БОСТАНДЫҚ**

Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз, халық және әрбір азамат өзінің болашағын өзі дербес құруға шынайы бостандыққа қол жеткізді.

**БІРЛІК**

Қазақстан тәуелсіздік таңы атқан кездің өзінде теңқұқылыққа, достық пен келісімге негізделген барша халықтың бірлігін орнықтырды. Осы жылдардың бәрінде Қазақстан сол қағиданы берік ұстанды.

**ТҰРАҚТЫЛЫҚ**

Қазақстан қол жеткізген барлық жетістіктері үшін елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік өмірінде салтанат құрған тұрақтылыққа қарыздар.

**ӨРКЕНДЕУ**

Қазақстан дамудың дұрыс таңдаған басымдығының арқасында, барлық сынаққа төтеп беріп, орнықты дамудың және халықтың әл-ауқатын ұдайы арттырудың жолына шықты.

## Мерекелеудің мақсаты және негізгі міндеттері

Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеудің негізгі **мақсаты** мемлекеттілікті, Қазақстан халқының бірлігі негізінде тәуелсіздік, тұрақтылық, бейбітшілік және келісім алынған негіздемелік құндылықтар аясында қоғамның топтасуын нығайту болып табылады.

## Мерекелеудің негізгі міндеттері:

Қазақстанды мемлекеттің салиқалы саясатының азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім негізінде күшті, тұрақты дамушы және әлем мойындаған мемлекет ретінде нығайту;

өз халқының, өз елінің тарихына, ерлік өткеніне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

қазақстандық мемлекеттілік және патриотизмді нығайту;

стратегиялық құжаттарда, Президенттің халыққа Жолдауында белгіленген міндеттерді түсіндіру;

жаңа мемлекет құру үдерісіне қатыстылығын және мақтаныш сезімін, оның азаматтарының ел тағдыры мен ұрпақ болашағына жауапкершілігі сезімдерін қалыптастыру;

еліміздің барлық азаматтарын мерейтойлық іс-шараларды ұйымдастыруға, өткізуге және оларға белсенді қатысуға тарту.

## Тұжырымдаманы іске асырудың негізгі кезеңдері

**Дайындық кезеңі.** Бұл кезеңде тиісті нормативтік құқықтық құжаттар бекітілді және Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеу жөнінде орталық және жергілікті деңгейде ұйымдастыру-практикалық іс-шаралар кешені өткізілді.

**Негізгі кезең.** Тәуелсіздіктің мәні мен түрлі аспектілерін айшықтайтын, түрі мен мазмұны жағынан әр түрлі іс-шаралар өткізу. Мерейтойлық жылдың әрбір айының өзіндік арқауы бар. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және саяси салалардағы жетістіктерін нақтылы ашады.

Негізгі кезеңнің басты шарықтау шегі "Тәуелсіздіктің жиырма шыңы" 20 жұлдызды күн болып табылады, бұл аралықта негізгі мерекелік іс-шаралар өткізіледі.

Мерейтойлық іс-шараларды дайындауға және оларды өткізуге барлық мемлекеттік құрылымдар, жеке сектор, үкіметтік емес ұйымдар, жастар ұйымдары, ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдерін, халықаралық сарапшыларды және т.б. барынша тарту қажет.

Өткізілетін іс-шаралардың географиясы - еліміздің барлық өңірлері. Барлық жерден мерекенің рухы сезілуі тиіс. Әрбір қазақстандық өтіп жатқан іс-шараларға өзінің қатыстылығын сезінуі тиіс.

Бұл кезеңде БАҚ-та "Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы" мерекелік күн тәртібін көрсететін оқиғалар тарауы жұмыс істеуі тиіс. Веб-сайттарға жоспарланған

оқиғаларға кеңінен тоқталатын күнтізбелер енгізілген флэш-анимациялық баннерлер орналастырылуы керек. Әрбір адам қандай іс-шара және қай жерде болатынын қалауынша білетін болады.

**Мерекеден кейінгі кезең.** Бұл кезеңде алдағы кезеңдерде көрсетілген еліміздің қол жеткізген негізгі жетістіктерінің ең әсерін барынша бекітуді қамтамасыз ету қажет.

Еліміздің жетістіктері кітаптарда, деректі және көркем фильмдерде, драмалық, опералық және балет спектакльдерінде, түрлі жанрдағы музыкалық туындыларда және өнердің басқа да түрлерінде пәндік көрініс табуы керек.

## Тәуелсіздік мерейтойын мерекелеудің
## КҮН ТІЗБЕСІ

**1. Қаңтар - "Азиада"**

Бұл ай Қазақстан Республикасының жетістіктері және экономикалық толымдылығы , халықаралық беделінің нышаны ретінде - Азиада жалауының аясында өткізіледі.

Халықаралық спорт қауымдастығының жоғары бағасын алған Азиада, тек спорттық қабілеттің көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар, барлық салада жоғары нәтижелерге қол жеткізуге жағдай жасап отырған Қазақстанның экономикалық әлеуетінің де көрсеткіші болып табылады.

Осы ай спортқа, Тәуелсіздіктің 20 жылында қазақстандық спорттың жетістіктерін елімізде және шетелдерде кеңінен таныстыруға арналған.

**2. Ақпан - "Әлемдік қауымдастық мойындаған Қазақстан"**

Бұл ай еліміздің жоғары халықаралық беделіне арналады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға табысты төрағалығының қорытындылары, ИКҰ және ШЫҰ-на Қазақстанның төрағалығы мәселелері бойынша салалық халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізіледі. Қоғамның назары Қазақстанның сыртқы саяси бастамалары мен жетістіктері, әлемнің барлық елдерімен достық қатынасты нығайту тақырыптарына аударылады. Сондай-ақ, бұл айда Кедендік одақ және (ЕурАзЭҚ) Бірыңғай экономикалық кеңістік құру мәселелері бойынша халықаралық конференция өткізу қарастырылған.

Республика бойынша "Елдік үшін, ел үшін" атты кең көлемді акция шеңберінде іс-шаралар өткізіледі.

**3. Наурыз - "Дәстүр"**

Бұл ай ұрпақтар сабақтастығы, ұлттық, дәстүрлі және отбасылық құндылықтарды құрметтеуге арналады.

Ол Халықаралық әйелдер күнін мерекелеуден бастау алады да әрі қарай "Наурыз мейрамына" ұласады. Айдың басында Халықаралық әйелдер күніне арналған ауқымды халықаралық әйелдер съезі өткізіледі. Ана мен баланы жан-жақты қолдауға бағытталған еліміздің әлеуметтік саясаты кеңінен жарияланады.

Наурызда "Тәуелсіздіктің құрдастары" акциясы және "Ел қазынасы" жобасын бастау жоспарлануда.

**4. Сәуір - "Ғылым және технология"**

Бұл ай Қазақстанның инновациялық-индустриалдық серпіндеріне арналған.

Ай бойында елімізді реформалау және экономиканы әр тараптандырудағы ғылым мен жаңа технологиялардың рөлі мен маңызы атап көрсетіледі. Озық ғылыми стандарттар мен әлемдік бәсекеге қабілеттілік талаптарына жауап беретін жаңа технологиялық желілер енгізілетін ірі өндіріс нысандарында, ақпараттық технологиялар паркінде, үздік ғылыми мекемелерде тұсаукесер өткізу көзделуде.

Білім және ғылымның өзекті мәселелері бойынша халықаралық форум өткізу қарастырылады.

**5. Мамыр - "Бірлік"**

Қазақстан халқының бірлігі және Отан қорғаушылардың айы.

Толеранттық және Қазақстан халқының бірлігі идеялары, ұлтаралық келісімге бағытталған саясаттың мәні кеңінен айшықталады. Тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі еліміздің Қарулы Күштерінің рөліне ерекше назар аударылады.

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күнін, 7 мамыр Отан қорғаушылар күнін және 9 мамыр Жеңіс күнін ауқымды мерекелеу жүргізіледі.

"Бірлігіміз жарасқан. 20 жыл - тек қана алға!" ұранымен ауқымды республикалық және өңірлік іс-шаралар өткізіледі.

**6. Маусым - "Патриотизм"**

Патриотизм айы.

Ол 4 маусым - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің күнімен байланыстырылады. Туған еліне және тәуелсіздікке құрмет Елтаңба, Ту, Әнұран сияқты мемлекеттік рәміздерге деген құрметтен басталады. Бұл айда қалыптасқан дәстүрге сәйкес, Патриоттар форумы, республика бойынша патриоттық акциялар, ойындар, фестивальдер өткізіледі.

**7. Шілде - "Қазақстан астанасы"**

Қазақстан астанасының айы.

Астана - Еліміздің жетістігі, өркендеуі және болашаққа ұмтылысының нышаны. Окиғалар қатары - Астана күнін мерекелеумен байланысты еліміздің барлық өңірлерінде өткізілетін дәстүрлі мәдени іс-шаралар, жаңа нысандарды іске қосу салтанатты рәсімдері, астананы дамытуға ерекше үлес қосқан қайраткерлерге құрмет көрсету салтанатын ұйымдастыру.

**8. Тамыз - "Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері"**

Бұл ай тәуелсіз Қазақстанның Конституциясына арналған.

Қазақстандықтар үшін Конституцияның қабылдануы тәуелсіздік тарихындағы жаңа дәуірдің басталуымен бейнеленеді. Еліміздің Ата Заңы Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізі болып табылады. Тәуелсіздікті нығайтудағы еліміздің Ата

Заңының маңызына ерекше назар аударылады. Биліктің заңнамалық тармағын құрудың жетік қазақстандық моделі - қос палаталы Парламент, сондай-ақ жалпы қабылданған демократиялық стандарттарға сәйкес келетін тәуелсіз сот жүйесінің жетістіктері түсіндіріледі.

**9. Қыркүйек - "Руханият"**

Руханият айы.

Ол білім, мәдениет, тіл, рухани келісімге арналады және Білім күні мерекесінен басталады.

Айдың басында Елбасының жаңа балалар бақшаларына, зияткерлік мектептерге баруы қарастырылады.

Қазақстан халқының тілдері фестивалін ұйымдастыру, драма театрларының фестивалін өткізу жоспарланған.

**10. Қазан - "Ауылды қайта түлету"**

Ауылды қайта түлету айы.

Ол ауыл шаруашылығы жылының қорытындыларын шығарудан басталады және агроөнеркәсіп кешеніндегі серпінді жобаларды насихаттаумен жалғасады. Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған агроөнеркәсіп секторының республикалық форумы, "Береке бастауы" атты нан фестивалі ұйымдастырылады.

"Ауылдың өркендеуі - Қазақстанның өркендеуі" акциясының қорытындылары шығарылады.

**11. Қараша - "Үдемелі индустриялық-инновациялық даму"**

Ай үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға арналған.

Бұл айда Қазақстанның нақты экономикалық тәуелсіздігі мен табысты қаржылық реформаларының рәмізі - ұлттық валюта Теңге күні кеңінен мерекеленеді. Қазақстан Қаржыгерлерінің конгресін өткізу көзделген. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы бойынша жаңа нысандардың ашылуы болады.

Сапа саласындағы "Алтын сапа" конкурсының лауреаттары мен дипломанттарын марапаттаудың дәстүрлі рәсімі өткізіледі.

**12. Желтоқсан - "Тәуелсіздік"**

Тәуелсіздік айы.

26 карашадан бастап "Тәуелсіздіктің 20 шыңы" ұранымен екпінді 20-күндік өткізіледі. Оның барысында Тәуелсіздік барлық қазақстандықтар үшін ұлт тарихындағы ерекше жаңа дәуірдің бастауын, жаңа мемлекет - Қазақстан Республикасының құрылуын бейнелейтіні атап өтіледі.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу Қазақстанның күллі тәуелсіздік тарихындағы аса көрнекті оқиғасы болуы тиіс.

**"Тәуелсіздіктің жиырма шыңы"**
**20 жұлдызды күн**
**КҮН ТІЗБЕСІ**

*(2011 жылғы 26 қарашадан - 15 желтоқсанға дейін)*

**1. "Менің Қазақстаным" (26 қараша)**

Мемлекеттік рәміздер күні.

Бұл күннің аясындағы іс-шаралардың желісі қазақстандықтардың мемлекеттік рәміздерге - Елтаңба, Әнұран, Туға көрсететін терең құрметі болып табылады.

Бұл күні мемлекеттік рәміздерді насихаттауға бағытталған конкурстар, акциялар, форумдар және суретшілердің көрмелерін өткізу жоспарланған.

**2. "Атамекен" (27 қараша)**

Мемлекеттік шекара күні.

Іс-шаралардың желісі - мемлекеттіліктің маңызды белгісі ретінде шекараны халықаралық-құқықтық рәсімдеудің ерекше мәнін айқындау болып табылады. Көршілерімен құрлықта он төрт мың шақырымға жуық шекарасы бар Қазақстан бүгінде оны "достық пен тату көршілік шекарасына" айналдырды.

**3. "Ата заң" (28 қараша)**

Конституция күні.

Іс-шаралардың желісі - Тәуелсіздік пен мемлекеттіліктің тірегі ретінде Ата Заңның тарихи маңызы болып табылады. Ата Заң - оның негізінде жаңа қоғам, жаңа мемлекет, жаңа экономика құрылып жатқан берік іргетас.

**4. "Бейбітшілік белдеуі" (29 қараша)**

Бейбітшілік күні.

Іс-шаралардың желісі - Семей ядролық полигоны жабылуының, Қазақстанды ядросыз аймақ ретінде жариялаудың, Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы туралы әлемдік тарихтағы теңдесі жоқ шешімінің тарихи мәні. Қазақстанның ядросыз әлем құру жөніндегі бастамасына ерекше назар аударылатын болады.

**5. "Келісім" (30 қараша)**

Ел бірлігі күні.

Бұл күннің аясындағы іс-шаралардың желісі қазақстандық құндылықтар - еліміздің жетістіктерінің басты негізі ретінде бейбітшілік, этносаралық және конфессияаралық келісім, патриотизм және ел бірлігін одан әрі нығайту болып табылады.

**6. "Азаматтық қоғам" (1 желтоқсан)**

Азаматтық қоғам институттарының күні.

Іс-шаралардың желісі - басты демократиялық институттарды серпінді дамыту - сөз және бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы, үкіметтік емес ұйымдар және олардың Қазақстанды саяси жаңартудағы рөлі болып табылады.

**7. "Дәстүр" (2 желтоқсан)**

Бірлік және ұрпақтар сабақтастығы күні.

Іс-шаралардың желісі - дәстүрлі құндылықтардың үлкен топтастырушылық мәні ( тілге және мәдениетке құрмет, адамгершілік, ұрпақтар байланысы, патриотизм және төзімділік), отбасы институты мемлекеттің тірегі ретінде.

**8. "Болашақ" (3 желтоқсан)**

Қазақстан жастарының күні.

Іс-шаралардың желісі - Қазақстан тәуелсіздігі мен болашағын нығайтудағы жастардың рөлі, мемлекеттік жастар саясатын түсіндіру. Бұл күннің басты оқиғасы " Болашақ біздің қолымызда" атты республикалық жастар форумы болмақ.

**9. "Сергектік" (4 желтоқсан)**

Спорт күні.

Іс-шаралардың желісі - Қазақстанның спорт саласындағы жетістіктерін, саламатты өмір салты құндылықтарын, сондай-ақ бұқаралық спорт және дене шынықтыруды дамытуды, Тәуелсіздік жылдарында тұрғызылған спорттық инфрақұрылымды дамытуды өрістету.

**10. "Ғылым" (5 желтоқсан)**

Ғылым және технологиялар күні.

Іс-шаралардың желісі - Қазақстанның ғылыми-инновациялық саладағы жетістіктері, білім, ғылым және инновация саласындағы мемлекеттің басымдықтары, Қазақстанның табысты бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде зияткерлік ұлтты қалыптастыру.

**11. "Мәдениет" (6 желтоқсан)**

Мәдени мұра күні.

Іс-шаралардың желісі - Тәуелсіздіктің рухани тірегі ретіндегі мәдениеттің мәні, қазақстандық мәдениеттің әлемдік деңгейі, "Мәдени мұра" бағдарламасын жүзеге асыру. "Қазақстанның жаңа археологиялық жаңалықтары" көрмесін ұйымдастыру және Тәуелсіздік жылдары жасалған қазақстандық фильмдердің мерекелік онкүндігінің ашылуы жоспарлануда.

**12. "Алтын теңге" (7 желтоқсан)**

Ұлттық валюта күні.

Іс-шаралардың желісі - ұлттық валюта - Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің басты белгілерінің бірі. Жетекші қаржыгерлер мен халықаралық инвесторлар, сарапшылар мен саясаттанушылардың қатысуымен Қаржыгерлер конгресін өткізу көзделуде.

**13. "Шаңырақ" (8 желтоқсан)**

Тәуелсіздік жылдарындағы тұрғын үй құрылысы.

Іс-шаралардың желісі - бұрын-соңды болмаған тұрғын үй құрылысы бағдарламасының нәтижелері. Жаңа тұрғын-жай нысандарының пайдалануға берудің және пәтер кілттерін тапсырудың салтанатты рәсімдері өтеді.

**14. "Ауыл" (9 желтоқсан)**

Аграрлық сектор күні.

Іс-шаралардың желісі - тәуелсіздік жылдарындағы ауылдың қарқынды дамуы, аграрлық секторды мемлекеттік қолдау. Аграрлық сектордың таңдаулы қызметкерлерін , ауыл шаруашылығының еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетудің салтанатты рәсімі ұйымдастырылады.

**15. "Астана" (10 желтоқсан)**

Елорда күні.

Іс-шаралардың желісі - барша қазақстандықтың болашаққа деген үміті мен сенімі бейнеленген тәуелсіз Қазақстанның символы ретінде Астананың мәні болып табылады.

Еліміздің барлық өңірлерінде Астана күнін мерекелеумен байланысты салтанатты және мәдени іс-шаралар өткізіледі.

**16. "Білім" (11 желтоқсан)**

Білім күні.

Іс-шаралардың желісі - Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, Тәуелсіздік жылдары ішіндегі білім саласындағы жетістіктерді (зияткерлік мектеп, Назарбаев университеті, Алматыдағы Ақпараттық технологиялар университеті және т.б.) өрістету. Еліміздің басты ресурсы - білімді азаматтарды үлгі етуге бағытталған іс-шаралар өтеді.

**17. "Денсаулық" (12 желтоқсан)**

Денсаулық күні.

Іс-шаралардың желісі - Тәуелсіздік жылдарында денсаулық саласындағы жетістіктерді, Денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын өрістету.

**18. "Серпін" (13 желтоқсан)**

Индустриялық-инновациялық даму күні.

Іс-шаралардың желісі - еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын өрістету. Түйінді іс-шара - серпінді жобалар іске асырылып жатқан барлық өңірлермен телекөпір.

**19. "Мемлекеттік тіл" (14 желтоқсан)**

Мемлекеттік тіл күні.

Іс-шаралардың желісі - Тілдерді дамыту мемлекеттік бағдарламасын өрістету, ел бірлігінің факторы және Тәуелсіздіктің символы ретіндегі мемлекеттік тілдің ерекше маңызы.

**20. "Отан" (15 желтоқсан)**

Бұл күн Тәуелсіздіктің мұраттары мен құндылықтарына арналады. Қазақстан Тәуелсіздігінің орнығуына ерекше үлес қосқан қайраткерлерге құрмет көрсету салтанатты рәсімі мен Тәуелсіздік мерейтойына арналған салтанатты жиындар барлық жерде өтеді.

Тәуелсіздік тақырыбына арналған мәдениет пен өнер саласындағы "Тәуелсіздік толғауы" атты туындыларға арналған республикалық конкурстың қорытындылары шығарылады.

## 15-16 желтоқсанда Астана қаласында өтетін салтанатты іс-шаралар

Бұл күндері Қазақстан елордасында мемлекеттің қалыптасуына, оның Тәуелсіздігін нығайтуға маңызды үлес қосқан азаматтарды мерейтойлық медальдармен және мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімі өтпек.

Басты оқиға Мемлекет басшысының қатысуымен салтанатты жиналыс және концерт, сондай-ақ Мемлекет басшысы атынан қабылдау болмақ.

Сонымен қатар, көпшілікке арналып "Бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылы" салтанатты театрландырылған қойылым және мерекелік концерт ұйымдастырылмақ.

## Мерекенің сыртқы белгілері

Мерекенің логотипі республиканың мемлекеттік рәміздерінің элементтерін қамтуға тиіс.

Көрнекі үгіт эскиздері тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының тарихи жолын, оның қазіргі заманғы экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайын бейнелеуі керек. Олардың реформалар бағытын, еліміздің беделінің өсуін қолдауға, ел ішіндегі және шет елдегі жетістіктерді мойындауға бағытталған идеялар болу қажет.

Мерекенің түс гаммасы мемлекеттік рәміздердің түс гаммасына негізделуі керек, яғни көгілдір түстің алтынмен (охрамен) үйлесімінің басым болуы.

## Күтілетін нәтижелер

Қоғамның идеялық және рухани-мәдени топтасуын тереңдету, қазақстандықтардың ой-санасына мемлекеттіліктің және Тәуелсіздіктің құндылықтарын егу, отаншылдық, жасампаздық сезімін орнықтыру және жаңа белестерді бағындыруға ұмтылуды қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2011 жылғы 27 қаңтардағы
№ 1144 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөніндегі ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.07.22 № 125 Жарлығымен.

| р/с № | Іс-шаралардың атауы | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Ақпаратты ұсыну мерзімі/ орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **I. Мерейтой жылы бойы өткізілетін іс-шаралар** | | | | |
| **ҚАҢТАР - "АЗИАДА"** | | | | |
| 1. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында республика бойынша спорттық іс-шаралар өткізу | ПӘ-не ақпарат | ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша) | 20 ақпан |
| 2. | Қазақстандық спорттың 20 жыл ішінде қол жеткізген жетістіктерін отандық және шетелдік БАҚ-та кеңінен таныстыруды қамтамасыз ету | ПӘ-не ақпарат | БАМ, ТСМ, СІМ | 20 ақпан |
| 3. | 30 қаңтарда VII Қысқы Азия ойындарының салтанатты ашылу рәсімін өткізу | ПӘ-не ақпарат | ТСМ, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 ақпан |
| 4. | Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы нышандарын кеңінен қолдана отырып "Мәдени Азиада" жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 ақпан |
| 5. | "Бірлігіміз жарасқан!" - "Мы - одна команда!" жалпыазаматтық бастаманы жалғастыру | ПӘ-не ақпарат | ММ, БАМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "ҚАА" ЗТБ (келісім бойынша) | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 6. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы тақырыбына арналған ғылыми-оқытушылық және студенттік қауымдастықтар арасында кездесулер, семинарлар, "дөңгелек үстелдер" және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | БҒМ | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 7. | "Менің жетістігім - Отанымның жетістігі" жобасын (шағын және орта бизнесті қолдауға, қайырымдылық және қамқоршылықты дамытуға, саламатты өмір салтын және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған акциялар) іске асыруды қамтамасыз ету | ПӘ-не ақпарат | "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша) | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **АҚПАН - "ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ МОЙЫНДАҒАН ҚАЗАҚСТАН"** | | | | |
| 8. | 6 ақпанда VII Қысқы Азия ойындарының салтанатты жабылу рәсімін өткізу | ПӘ-не ақпарат | ТСМ, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 ақпан |
| 9. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Кедендік одақ және Бірыңғай экономикалық кеңістік (ЕурАзЭҚ) құру мәселелері бойынша халықаралық конференция өткізу | ПӘ-не ақпарат | СІМ | 10 наурыз |
| 10. | Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының қорытындылары, ИКҰ мен ШЫҰ төрағалығы мәселесі бойынша салалық халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар сериясын ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | БҒМ, ММ, БАМ, ҚСЗИ | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 11. | "Әлемдік қауымдастық мойындаған Қазақстан" атты фотокөрме ұйымдастыру, соңында экспозицияларды барлық өңірлерде көрсету | ПӘ-не ақпарат | ММ, СІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 12. | Тәуелсіздік жетістіктерін насихаттауға, патриоттық сезімді нығайтуға, мемлекеттік рәміздерді танымал етуге бағытталған "Елдік үшін, ел үшін" акция жобасын іске асыруды қамтамасыз ету | ПӘ-не ақпарат | "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша) | тоқсан сайын, (есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| **НАУРЫЗ - "ДӘСТҮР"** | | | | |
| 13. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Қазақстан Әйелдерінің съезін және Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты концерт өткізу | съезд бен концертті ұйымдастыру | ӘОДСҰК, ММ | наурыз |
| 14. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы нышандарын кеңінен қолдана отырып Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру, соның ішінде әйелдерді қошеметтеу және салтанатты қабылдаулар | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 наурыз |
| 15. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы нышандарымен "Наурыз мейрамына" арналған салтанатты концерт өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, Астана қаласының әкімі | 10 сәуір |
| 16. | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында өңірлерде "Наурыз мейрамына" арналған мерекелік іс-шаралар, қайырымдылық акцияларын, халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына атаулы көмек көрсетуді ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 сәуір |
| | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында "Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" акциясының басталуын ұйымдастыру (сенбіліктер, елді | | БҒМ, ЕХӘҚМ, АШМ, "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша), | тоқсан сайын, (есептік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17. | мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және басқа да іс-шаралар) | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 18. | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы нышандарын кеңінен қолдана отырып ұрпақтар сабақтастығына, ұлттық, дәстүрлі және отбасылық құндылықтарды құрметтеуге арналған конкурстар, фестивальдер, көрмелер ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Нұр Отан" ХДП ( келісім бойынша) | 10 сәуір |
| 19. | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне күрестен " Қазақстан барысы" атты жарыс ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | ТСМ, "КТК" телеарнасы | 10 сәуір |
| 20. | "Ел қазынасы" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету (тарихи-мәдени мұраны танымал етуге, өмірлік және отбасылық құндылықтарды насихаттауға, азаматтарды топтастыру мен біріктіруге бағытталған түрлі акциялар) | ПӘ-не ақпарат | "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша ) | тоқсан сайын, екі тоқсаннан бастап ( есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 21. | "Тәуелсіздіктің құрдастары" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету (жастарды еңбекке баулуға, ауыл аумақтарын тазартуға және абаттандыруға, патриоттық сезімді, жастардың бойында оң құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, жас дарындарды қолдауға бағытталған акциялар) | ПӘ-не ақпарат | "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша ) | тоқсан сайын ( есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| 22. | Еліміздің барлық өңірлерінде "Тәуелсіздіктің дара жолы" атты тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның жетістіктеріне арналған көрмелер, экспозициялар өткізу | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Нұр Отан" ХДП ( келісім бойынша) | тоқсан сайын ( есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| **СӘУІР - "ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ"** | | | | |
| 23. | Мемлекет басшысының "Назарбаев Университетіне" және ғылыми жетістіктер көрмесіне баруы | бару | БҒМ, "Назарбаев Университеті" АҚ (келісім бойынша) | сәуір |
| 24. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында ақпараттық технологиялар парктері, өнеркәсіп нысандары, алдыңғы қатарлы ғылыми мекемелер таныстырылымын өткізу | ПӘ-не ақпарат | ИЖТМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 мамыр |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 25. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдағы нышандарын қолдана отырып білім мен ғылымның өзекті мәселелері бойынша халықаралық форум өткізу | ПӘ-не ақпарат | БҒМ | 10 мамыр |
| 26. | Республика бойынша Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференциялар, "Жаңа және алдыңғы қатарлы технологиялар" слеттерін өткізу | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 мамыр |
| 27. | Салалардағы тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы кәсіби мерекелерге арналған іс-шаралар өткізу | ПӘ-не ақпарат | мүдделі мемлекеттік органдар | тоқсан сайын, ІІ тоқсаннан бастап ( есептік мерзімнен кейінгі айдың 5 күні) |
| **МАМЫР - "БІРЛІК"** | | | | |
| 28. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясын өткізу | сессияны ұйымдастыру | ҚХАХ, ММ | мамыр |
| 29. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шаралар, шерулер ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | ММ, ҚХАХ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 мамыр |
| 30. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында 7-9 мамырда Отан қорғаушылар және Жеңіс күндеріне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | ММ, Қорғанысмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 мамыр |
| 31. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайын өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, ДҚҚ ( келісім бойынша) | 10 маусым |
| 32. | "Мақсаттар бірлігі - рух бірлігі" атты Қазақстан халқының достығы фестивалін өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, ҚХАХ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 мамыр |
| 33. | "Бірлігіміз жарасқан. 20 жыл - тек қана алға!" ұранымен халық бірлігін және толеранттық идеяларын насихаттайтын республикалық және өңірлік форумдар, фестивальдер, акциялар өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, ҚХАХ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "ҚАА" ЗТБ, "Нұр Отан" ХДП (келісім бойынша) | 10 маусым |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 34. | Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар өткізу (Тәуелсіздік жылдарында ақталған тұлғалар туралы) | ПӘ-не ақпарат | ММ, ҚХАХ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 10 маусым |
| МАУСЫМ - "ПАТРИОТИЗМ" | | | | |
| 35. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында балаларды қорғаудың Халықаралық күніне арналған іс-шаралар өткізу | ПӘ-не ақпарат | БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 15 маусым |
| 36. | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған патриоттар форумын өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 15 маусым |
| 37. | 2011 жылдың I жартыжылдығының қорытындысы бойынша Индустрияландыру картасының жобасын таныстыру жөніндегі жалпыұлттық телекөпір ұйымдастыру | ПӘ-не ақпарат | ИЖТМ, БАМ | 10 шілде |
| 38. | Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында республикалық және өңірлік патриоттық акциялар, ойындар, фестивальдер, форумдар және слеттер өткізу | ПӘ-не ақпарат | ММ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, "Нұр Отан" ХДП "Жас Отан" ЖҚ (келісім бойынша) | 10 шілде |
| 39. | "Жас ұлан" әскери әндердің республикалық фестивалін өткізу | ПӘ-не ақпарат | Қорғанысмині, ММ, РҰ | 10 шілде |
| ШІЛДЕ - "ҚАЗАҚСТАН АСТАНАСЫ" | | | | |
| 40. | Астана қаласында астана күніне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру (жеке кесте бойынша) | ПӘ-не мерекенің тұжырымдамасы мен бағдарламасын енгізу | Астана қаласының әкімі | 1 маусым |
| 41. | Астана күніне өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандарды іске қосуды орайластыру | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Алматы қаласының әкімдері | 20 шілде |
| 42. | Астана күніне орай бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру (шығармашылық ұжымдардың концерттері, спорттық іс-шаралар, мерекелік сауда) | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қаласының әкімдері | 20 шілде |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 43. | Республика тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында тәуелсіз Қазақстанның елордасына арналған өңірлік акциялар, конкурстар, фестивальдер өткізу | ПӘ-не ақпарат | облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 20 шілде |
